

уақытта өшпейтін алтын жазумен жазады гой. Бірақ оны, сізде, Мәкеңде, біз сияқты ниетті адамдардың өз көзімен көрмейді гой. Сол себепті, сіздің еңбегіңіз үшін қуанғаннан басқа айтарым жоқ. Құрметпен Әшімбек 15/2/1957

Осы берілген азғантай хаттардың өзінен-ақ жазушыға деген халықтың ықыласы ерекше болғандығын көреміз. Жазушының әр жазған шығармасы халықтың жүрегінен орын алып, жоғары баға алып отырған. Оған оқырман қауымнан келген том-том хаттар куә.

Қандай да бір шығармашылық адамына еңбегінің халқы тарапынан бағаланып, алғысын алып жатса одан артық бақыт жоқ шығар деп ойлаймын. Әдебиет классигі Сәбит Мұқановтың халықтың қарапайым азаматтарынан алған және оларға жазған хаттары мұрағат қоржынынның басым көп бөлігін құрайды. Біз назарға ұсынып отырған бірнеше хат солардың ішіндегі ең қысқа әрі ең қарапайымы.

Н. Нурадиль. Писатель С. Муканов и читатель (Через письма читателей С. Муканова)

В статье рассматривается эпистолярное наследие классика литературы С. Муканова, через письма читателей передаются теплые отзывы о писателе

N. Nuradil. The writer S. Mukanov and his reader (through letters of S. Mukanov readers)

The article deals with the epistolary heritage of the classic of literature S. Mukanov through readers' letters with warm reviews about the writer

Нұржанова Ботакөз Нұртанқызы,

ҚазМемҚызІІУ, Алматы, Қазақстан, bnurzhanova@mail.ru

АРНАЙЫ МАҚСАТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Әдеби тілдің негізін құрайтын басты арналардың бірі – ұлы ақын-жазушылардың шығармалары екендігі даусыз ақиқат нәрсе. Ол шығармалар сол кездегі әдеби тіл мен жалпы-халықтық тілдің қолданым ерекшеліктерінен хабар береді, ұлттық тілдің сол кезеңдегі құрамы мен құрылымдық ерекшеліктерін айғақтайды, тілдің тарихи даму жолындағы заңдылықтарды анықтауға жағдай жасайды, ақындық өнердегі заңдылықтарды белгілеуге, дәстүрдегі сабақтастықты айқындауға мүмкіндік береді. *Ақын (жазушы) тілі сөздігінде* автордың шығармашылығы мен зертханасы тұтас күйінде, толық көрінеді. Автордың барлық шығармаларындағы (поэтикалық, прозалық, драмалық, т.б.) сөзқолданым үлгілері жүйелі түрде беріледі. Мұның өзі оның жеке шығар-

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мұрағатындағы Сәбит Мұқановтың жеке қорында достық сыр шертілетін, әдебиет, әлеумет мұңы айтылатын хаттар том-том болып үйіліп жатыр.

Жазушы хаттары бейне теңіз сияқты, онда адуынды толқындар да, әлсіздері де, киті де, шөрегей балықтары да бар. Ал теңіз тұнып тұрған қазына. Жазушы қалдырған қазына, эпистолярлық мұраны зерттеу – бүгінгі әдебиетіміздің кезек күттірмес мәселесі.

1. Сәбит Мұқанов жайлы әдеби хабар. Қазақ радиосының «Алтын қоры», Д-934

2. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасыр). – Алматы: «Ана тілі», 1993.

3. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. - 1956.

4. 1634 қор, 1 тізбе, 208 іс, 6 бет.

5. 1634 қор, 1 тізбе, 210 іс, 7 бет.

6. 1634 қор, 1 тізбе, 210 іс, 6 бет.

7. 1634 қор, 1 тізбе, 234 іс, 7 б.

малары арасындағы ой, образ сабақтастығын айқындауға мүмкіндік берері сөзсіз. Мұндай еңбектер тіл тарихын зерттеушілер, жеке ақындардың шығармашылығын зерттеушілер, жалпы ұлт тілін оқытушылар үшін өте құнды болмақ. Бұл сөздіктің әсіресе ұлт тілінің әдеби түсіндірме сөздігін жасауда қажет болары анық. Себебі әдеби үлгілерден жалпылама қолданымға арналған түсіндірме сөздік үшін алынатын дәйектеме материал осындай ақын-жазушылардың шығармаларын тұтастай қарастыратын анықтамалық еңбектер негізінде, салыстырыла, салғастырыла, екшеле отырып, сұрыпталып алынғаны жөн болады. Бұл лексикографиялық еңбектер жазушының әдеби шеберлігін терең түсініп, бағалауға мүмкіндік жасайтын аса бай материалдар береді. Олар

тілдің тарихы мен сөз шеберінің өзіндік жеке стилін зерттеуге мүмкіндік беретін бірегей дереккөз, ақпарат көзі болып табылады. Мұндай еңбектерге деген қызығушылық сөз қадірін түсіне білетін оқырманның өз шеберлігімен халықтың тіл қазынасын байытатын прозаик, ақын, драматургтар шығармашылығының бастау көзін терең түсінуге деген ұмтылысын танытады.

Елімізде жазушы тілі сөздігін жасаудың тәжірибесі бірқатар мәселелерді алға қойып отыр. Бұл сөздіктер белгілі бір жазушы өмір сүріп, еңбек еткен дәуірдің тілдік жағдайын қаншалықты шынайы бейнелей алды? Олар жазушы тілінің стильдік ерекшеліктерін қалай тіркейді? Сөздікке лексиканы іріктеп алу өлшемдері қандай? Іріктелген материал қалай өңделеді? Осындай сұраулар жазушы лексикографиясының жалпы теориялық мәселелерін қарастыруға алып келеді.

Жазушы тілінің сөздігі - әдеби шығармадағы мәтіндерді саралап, жекелеген лексикалық бірліктердің, фразалық немесе атаулық тіркестердің мәнмәтіндік мағынасын анықтайтын, статистикалық қолданым жиілігін белгілейтін, сол арқылы ғылыми зерттеменің алғашқы сатысын қамтамасыз ететін жұмыстардың бірі. Сөздік жасалды делік. Сонда осы дайын өнім қалай жасалды? Ол қалай болса солай жасала салды ма, әлде оны жасауда белгілі бір ғылыми жүйе мен құрылым сақталды ма? Ғылыми әдіс-тәсілдер қолданылды ма, әлде жоқ па? Әрине, онда өзіндік жүйе де, құрылым да бар. Оны түзуде өзгеден ерекше әдіс-тәсілдер де қолданылады. Демек, бұл жұмыс та арнаулы мақсат бойынша, осы мақсатқа сай арнайы әдістеме, әдістер негізінде жасалып отыр.

Халықтық тілдің ерекше бір түрі ретіндегі *арнайы мақсатта қолданылатын тілдер* туралы зерттемелер бар. Арнаулы мақсатты тілдердің жалпыхалықтық тіл мен оның түрлеріне негізделген жартылай автономды, кешенді семиотикалық жүйелер ретінде білімнің бір саласында немесе туыстас білім салаларында жұмыс жасайтын мамандар арасында болатын тілдік қатынаспен шектелген, арнаулы білімді қажет ететін тілдер болып табылатындығы белгілі [1, 26]. Шындығында, ұғымдардың нақты салаларда қалыптасқан жүйесін ашып көрсету үшін қолданылатын тілдік құралдардың жиынтығын *арнайы мақ-*

сатта қолданылатын тіл деп те, *кәсіби тіл* деп те атауға болады.

С.Е.Никитина *арнайы мақсатта қолданылатын тіл* бойынша жасалатын талдаудың төрт типін атайды: философиялық, стилистикалық, терминологиялық және статистикалық. «Философиялық талдау түрғысынан ол тілдің ғылыми идеяларды бейнелеуге жарамдылығы мәселесін қарастырғанда, кәсіби ойды беруде негізгі қызметті табиғи тілдің атқаратыны белгілі болған. Кәсіби тілдің құрамдас бөлігі ретіндегі жасанды символикалық тілдердің бұған жарамсыздығы, олардың табиғи тілдің орнын баса алмайтындығы, табиғи тілді толық ауыстыра алмайтындығы анықталған. Стилистикалық талдау жасаған кезде ғылыми тілге тән «дәлдік», «объективтілік», «экспрессияның болмауы» тәрізді белгілердің стилистикалық белгілер болып саналмайтындығы, олардың нақты мәтінге жасалған талдаудың нәтижесі болмай, керісінше, *жалпы ғылыми ойлауға тән* белгілер екендігі анықталған. Терминологиялық талдаудың нәтижелері кәсіби тілге өте қажетті, пайдалы болғанымен, бұл жерде ескерілуге тиісті жағдай: кәсіби тіл ұғымыменен терминология ұғымы бірдей емес, терминология кәсіби тілдің лексикалық деңгейіне кіретін құрамдас бөлік қана. Статистикалық талдау кәсіби тілдің негізгі деңгейлерінің көпшілігін қамтиды, алайда, семантикада қолданылмайды. Кәсіби тілге жасалатын толық кешенді зерттеу талдаудың аталған төрт типін сабақтастыра қолданған кезде ғана мүмкін болмақ» [2].

Қазақ лексикографиясында осы мәселені зерттеген М.М.Малбақов метатіл ұғымының лексикографияда екі түрлі мағынада қолданылатынын айтады: «Бірінші, жалпы, кең мағынадағы бірінші қатардағы метатіл - белгілі бір ұғымға берілетін сипаттаманың тілі. Лексикографияның тіліне көшіргенде бұл сөздік бірліктерге берілетін сипаттаманың тілі, яғни *сөздіктің метатілі* болып шығады. Екінші метатіл - тіл білімінің жекелеген салалық терминдерін зерттеуде қолданылатын метатіл. Лексикографияның тіліне көшіргенде бұл лексикографияның жалпы салалық атауларының тілі, яғни *лексикографияның метатілі* болып шығады [3, 82-83].

Ғылыми метатіл мәселесін зерттеуші Ж.Мұсаева ғылымның кәсіби тілі туралы төмендегідей қорытынды жасайды: «бірін-

шіден, кәсіби ғылым тілінің негізін табиғи тілдің құрайтындығы, ал символикалық таңбалардың қосалқы ғана қызмет атқаратындығы белгілі болады. Екіншіден, кәсіби ғылым тілінің стиль болып саналмайтындығы және онда қолданылатын кәсіби белгілердің стилистикалық белгілер болып саналмайтындығы айқындалады. Демек, әдеби тіл тұрғысынан жалпылама мәнде айтылатын ғылыми стиль терминін салалық кәсіби ғылым тіліне қатысты қолдану жөн болмайды. Салалық ғылым тілі – стиль емес. Үшіншіден, терминдердің ғылымның арнаулы, кәсіби тілінің, яғни метатілінің құрамдас бөлігі ғана болып табылатындығы, ғылыми тілдің терминдерден ғана құралмайтындығы белгілі болады. Демек, «салалық метатіл дегенше, салалық терминология деп неге айтпаймыз» деушілік ғылыми тұрғыдан дұрыс болмайды. Төртіншіден, ғылыми метатіл арқылы жасалатын семантикалық талдау нәтижелерінің статистикалық тұрғыдан есептеуге келмейтіндігі белгілі болып отыр [4, 9-10] – деген қорытындыға келеді. Бұл туралы ғылым тілін зерттеген Қ.Алтайбекованың еңбегінде де кеңінен сөз болады [5]. Аталған зерттеулер барысында «салалық ғылым тілі – стиль емес» деген тұжырым жасалады.

Жазушы тілі сөздігі арнаулы мақсатпен кәсіби ғылым тілінде жасалатын жұмыс.

Жоғарыда жазушы тілі сөздігінің ғылыми сөздік екендігіне, оның мәтінінің ғылыми мәтін екеніне көзімізді жеткіздік. Сонымен қатар, жазушы тілі сөздігінің арнаулы мақсатпен кәсіби ғылым тілінде жасалатын жұмыс екендігіне де иландық. Келесі кезекте арнаулы мақсатпен түзіліп отырған осы еңбек ғылымның қай саласының заңдылықтары бойынша жасалып отыр деген сұрақ қояр болсақ, оған лексикографияның, оның ішінде жазушы лексикографиясының заңдылықтары бойынша жасалып отыр деп жауап береміз. Мұсаева Жанерке Олжатайқызының «Қазақ лексикографиясында қолданылатын атаулардың метатілдік табиғаты» атты диссертациялық еңбегінде қазақ лексикографиясының метатілі туралы жан-жақты сөз болады.

Еңбектің «Қазақ лексикографиясының метатілдік негіздері» деп аталатын бірінші бөлімінде *металингвистика*, *метатіл* атаулары туралы ғылыми тұжырымдар келтіріледі. Ж.Мұсаеваның жазуы бойынша, *металингвистика*, *метатіл* атаулары ғылыми айналымға

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ене бастаған. «Тіл білімі бойынша үлкен энциклопедиялық сөздікте [6, 297] және «Тіл білімі сөздігінде» [7, 219] металингвистикаға «метатілді объект-тілдің сипаттау құралы ретінде зерттейтін лингвистиканың саласы» түріндегі түсінік беріледі. *Металингвистика* терминіне О.С.Ахманова сөздігінде: «1. (психолингвистика, экзалингвистика); 2. «Екінші қатарлы» тілдер (метатілдер) туралы ғылым» деген анықтама келтіріледі [1, 230]. *Металингвистика* және *метатіл* терминдері қазақ тіл білімінде соңғы кезде жарық көрген Ғ.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі» атты еңбегінде де қамтылады [8]. Аталмыш еңбекте металингвистикаға «тілді қолданушы адамдардың санасымен, қоғамдық өмірімен байланысты тілдің ішкі мағыналық ерекшеліктерін зерттейтін тіл білімінің саласы» ретінде түсінік беріледі. Сөздікте терминнің екінші мағынасы да (*табиғи адамзат тілін нысан етіп зерттейтін «екінші қатардағы» тіл туралы ғылым*) келтірілген. Осы сөздік мақалада *метатіл* терминіне сілтеме жасалады. Метатілге байланысты сөздік мақалада оның адамзаттың табиғи тілін объект («объект-тіл») етіп зерттейтін «екінші қатардағы» тіл, методологиялық тіл екендігі көрсетіледі [8, 213]. Бұл жердегі *екінші қатардағы тіл, методологиялық тіл* деген түсініктемеде аса құнды тұжырым жасалып отырғандығын айту қажет. Бұл біздің зерттеуіміздің тұжырымдарымен үндеседі. Одан әрі автор: «Тіл біліміндегі метатіл көбінесе объект тілдегідей тіл бірліктері негізінде жасалады. Сөйтіп, ол табиғи тілді сипаттай отырып, әрі өзі де табиғи тілдің бір бөлігі ретінде көрінеді. Тіл біліміндегі метатіл күрделі құбылыс, оның негізінде, бір жағынан, терминаралық жүйелі қатынастар, екінші жағынан, тілді зерттеуде қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын жалпы ғылыми лексика жатыр» деген тұжырым жасайды. Ғалым, біріншіден, метатілдің *терминаралық жүйелі қатынастарға* қатысын өте дәл байқаса, екіншіден, метатіл негізінде ғылыми лексиканың жатқандығын да айқын білдіреді. Автор «ғылыми қатынас құралы ретінде терминнің метасөйлеуде нақты байқалатынын, олардың қатынасының лексикографиялық құралдарды жасауда, белгілі бір терминдерді түсіндіруде көрінетінін» жазады. Осы жерде терминнің мазмұны метатіл жүйесіндегі тіл бірлігі ретінде ашылатындығы

да сөз болады. Бұдан әрі автор: «метатілде қабылданған тіл біліміндегі ұғымдар жүйесі методологиялық бағыттарға қатысты болып келеді. Белгілі бір бағыттың философиялық (методологиялық) негіздеріне байланысты бір термин әр түрлі түсіндірілуі мүмкін» деген түсініктеме жасап, *фонема* терминінің әр түрлі фонологиялық мектептердегі әрқилы түсіндірілуін мысалға келтіреді. Шынында да, метатілдік зерттеулер осындай әрқилылықты өзара салыстыра, зерттей отырып, ғылым саласындағы ғылыми тілдің апаратын бір ізге түсіреді.

Айтылғандарды қорытар болсақ, нақты ғылым саласында кәсіби зерттеу жүргізу үшін сол саланың қалыптасқан ғылыми тілі (метатіл) болуы шарт. Салалық ұғымдарды әр автордың әрқилы атаушылығы, терминдердің тұрақсыздығы ғылымның дамуына өлшеусіз зиян келтіреді. Бұл ғылымның сол саласындағы ғылыми апарат атауларын, терминдерді

жүйелі түрде зерттеудің болмауынан, салалық ғылыми тезаурустың қалыптаспағандығынан болады. Лексикография туралы базалық білімнің қажеттілігі анықтала түседі.

1. Ахманова О.С. К вопросу об основных понятиях метаязыка лингвистики // Вопросы языкознания, 1961, №5.

2. Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки. На материале лингвистики. М., 1987. -109 с.

3. Малбақов М. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің құрылымдық негіздері. Филология ғылымдарының докторы диссертациясы. Алматы, 2003.

4. Мұсаева Ж. Қазақ лексикографиясында қолданылатын атаулардың метатілдік табиғаты. Филология ғылымдарының кандидаты авторефераты. Алматы, 2006.

5. Алтайбекова Қ. Терминологиялық бірліктердің лексикографиялық сипаты. Канд.дисс.авторефераты. Алматы, 2009.

6. Большой энциклопедический словарь. Языкознание. М., 1990.

7. Тіл білімі сөздігі. Алматы, 1998.

8. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, Сөздік – Словарь, 2005. – 440 б.

Нуржанова Ботакоз Нуртанкызы

Функционирование языковой проблемы в профессиональной цели

В статье речь идет о том, что отдельная конкретная научная сфера (лексикография) должна иметь свой научный язык

Nurzhanov Botakoz Nurtankyzy

The functioning of the language problem in the professional goals

In this article it is discussed about the fact that a specific scientific field (lexicography) must have a scientific language.

Г. Нұржігітова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мемлекеттік тіл кафедрасының аға оқытушысы

МАМАНДЫҚПЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Білім беру жүйесінің алдына қойған мақсаты өмір сүріп отырған заманындағы адамзаттың прогрестік даму ерекшелігіне, қоғамдық-тарихи, саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайларына сай негізделеді. Қоғам ғылыми – техникалық тұрғыдан іргелілеген сайын адамдардың өмірге деген көзқарастары, білімге, тілді үйренуге деген құлшыныстары күннен-күнге арта түседі.

Оқу үрдісін ұйымдастырудың негізгі және басты формасы – сабақ екендігі мәлім. Мемлекеттік тілді студенттерге үйретудің басты жолы қазақ тілі сабағын дұрыс ұтымды ұйымдастыру болып табылады. Қазіргі таңда тілді

үйретуде студенттің таным белсенділігі қызығуының, тіпті оқуға деген құлқының төмендеуінің негізгі себептері – сабақтың бір сарынды деңгейде өтуі.

Оқытушы әдістемесінде күнделікті ізденісінің болмауынан оқытуда бір ізділік пайда болады, ол бірте-бірте тіл үйренушілердің қызығуын жояды.

Бүгінгі таңда студенттер алатын ақпарат жан-жақты дамып кетті. Атап айтсақ, Интернет желісінің, электронды поштаның өсуі, күнделікті тұрмыста қолданысқа енуі студенттердің ойлау жүйесінің артуына, ақпараттарды мол қабылдауына өз әсерін тигізіп отыр. Сон-